

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ СОТ
САРАПТАМАЛАР ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ**

ҚБПУ

"Қазақстан Республикасы Әділет Министірінің
Сот сараптамалары орталығы"
БАҚЫЛАУ ҮЛГІСІ
ҚР ӘМ ССО ғылыми кеңесінің № 1
«26» шілде 20 10 ж. хаттамасы
реттік нөмері № 18.2(7)

**ТҰЛҒАНЫҢ АР-НАМЫСЫ МЕН ҚАДІР-ҚАСИЕТІН
ҚОРЛАУ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК БЕДЕЛІН ТҮСІРУ БЕЛГІЛЕРІ БАР
НЫСАНДАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ СТАНДАРТТЫҚ
ӘДІСТЕМЕСІ**

(мамандығының шифрі – 18.2)

ӘДІСТЕМЕНІҢ ПАСПОРТЫ

1. Әдістеменің атауы	Тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлау және іскерлік беделін түсіру белгілері бар нысандарды зерттеудің стандарттық әдістемесі
2. Әдістеме мамандығының шифрі	18.2 (7)
3. Әдістеме әзірлеуші туралы ақпарат	Мамбекова Д.Д. - Филология ғылымдарының кандидаты, Сүйерқұл Б.М. - А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты
4. Әдістеменің мәні	Бұл әдістеме – ҚР ҚК-нің 130-бабы («Қорлау») бойынша қарастырылатын қылмыстық істерде мәтіндік нысандар арқылы жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіру белгілерін анықтауға бағытталған филологиялық сараптама жүргізу тәсілі. Ол жазбаша немесе ауызша мәтіндердің мағыналық, стильдік, психологиялық және семантикалық қырларын зерттеуге негізделеді
4.1. Зерттеу объектілері	- Жазбаша/ауызша мәтіндер (мақала, пост, видео/аудио жазба мәтіні); - Жекелеген сөздер, фразеологизмдер, сөйлемдер; - Қоғамдық немесе жеке сипаттағы жарияланымдар; - «Жәбірленуші» тараптан қорлау деп қабылданған мәтін үзінділері
4.2. Зерттеу әдістері	Филологиялық талдау: лексика, грамматика, стилистика, сөз мәдениеті, мәтін лингвистикасы құралдары қолданылады. Психолінгвистикалық және прагмалінгвистикалық талдау: автор мен адресат арақатынасы, ықпал ету деңгейі, астарлы мағына. Семантикалық және контекстік талдау: сөз мағынасының контексте өзгеруі, микроконтекст/макроконтексті бағалау. Коммуникативтік-прагматикалық талдау: авторлық интенция (ниет) мен тыңдарман қабылдауын салыстыру.

	Құқықтық лингвистика элементтері: тілдік норма бұзушылықтарын және инвективті (қорлау, тіл тигізу) тілдік формаларды анықтау
4.3. Әдістеменің қысқаша кезең-кезеңімен сипаттамасы	1. Дайындық кезеңі: - Сараптама сұрақтарымен танысу; - Материалдың толықтығын, жарамдылығын тексеру; - Болашақ талдауға болжам жасау. 2.Талдау кезеңі: - Мәтіннің тілдік (лексикалық, стилистикалық, грамматикалық) құрылымын саралау; - Ар-намысқа нұқсан келтіруі мүмкін сөздер мен сөйлемдерді анықтау; -Ақпараттың сипатын (жағымды/жағымсыз/бейтарап) белгілеу. 3. Бағалау кезеңі: - Түпкі ой (ниет) мен оның жеткізілу тәсілін анықтау; - Мәтіннің жеке тұлғаға бағытталған ықпалының психолінгвистикалық бағасы; - Автор интенциясының адресат қабылдауымен сәйкестігі
5. ҚР ӘМ СӘЖ Ғылыми кеңесімен әдістеменің мақұлданған күні	Хаттама №5 26.07.2010ж.
6. Әдістеме паспортының құрастырушылары туралы ақпарат	Мамбекова Д.Д. - Филология ғылымдарының кандидаты